

Өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын дамытудың 1999-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 24 тамыз N 1227

"Электрондық және электротехникалық өнеркәсіптің салаларын дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 1327 Р981327_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын дамытудың 1999-2005 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
24 тамыздағы
N 1227 қаулысымен
бекітілген

Өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын
дамытудың 1999-2005 жылдарға арналған
Бағдарламасы

1. Бағдарламаны әзірлеудің негіздері

Өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын дамыту бағдарламасы "Электрондық және электротехникалық өнеркәсіптің салаларын дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 1327 қаулысына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму Стратегиясында айқындалған экономикалық дамудың ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпті дамыту бағдарламасында айқындалған негізгі бағыттар мен міндеттер ескерілді.

2. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын дамыту бағдарламасының негізгі мақсаты ішкі өндірісті және өндірістік-техникалық мақсаттағы бәсекелестік қабілеті бар өнімді ұсынуды кеңейту, Қазақстанда жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірісті дамыту, өнеркәсіптік өндіріс құрылымында қосылған құнды арттыру болып табылады. Бұл импортты алмастырудың тиімді саясатын жүргізуге, елдегі ғылыми-техникалық әлеует пен білікті жұмыс күшін барынша пайдалануға, қазақстандық өнім өндірушілерді халықаралық экономикалық байланыстар мен халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне енгізуге мүмкіндік береді.

Алға қойылған мақсатқа сәйкес Бағдарлама мынадай міндеттерді шешуге бағытталды:

- электрон және электротехника өнімін өндіруді дамытудың әлеуетті мүмкіндіктерін және ішкі және сыртқы рыноктарда осындай өнімге деген тұрақты сұранысты, сондай-ақ өнімнің негізгі ықтимал сатып алушыларын айқындау;

- жинақтаушы өндірістік әлеуетті есепке ала отырып неғұрлым перспективалы өндірістерді және оларды орналастыру мүмкіндіктерін, ғылыми-техникалық және білікті жұмысшы кадрлар мен өнімді өткізу рыноктарының бар-жоғын айқындау;

- нақты тұтынушыларға бағдарланған электрон және электротехника өнімін өндіруді дамыту үшін жағдай жасау, халықаралық кооперацияны дамыту үшін жағдай жасау; өндірістерді техникалық жағынан жаңарту мен дамытуға инвестициялар мен қаржыландыруды тартуға жәрдемдесу; электрон және электротехника өнімін қазақстандық өндірушілер үшін бастапқы бәсекелік артықшылықтарды қамтамасыз ету;

- озық технологиялардың, жаңа ғылыми қамтымды өндірістердің дамуын ынталандыру

- нормативтік құқықтық базаны жасау өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын дамыту үшін шарттық қарым-қатынастарды қалыптастыру.

3. Саланың қазіргі жай-күйінің талдамасы

Қазақстан электрон және электротехника өнімін жасап шығару жөнінен елеулі өндірістік әлеуетті иеленіп отыр. 1-қосымшада электрон және электротехника

жабдықтарына тораптармен және бөлшектермен қатар өндірістік мақсаттағы түпкілікті өнім мен тұтыну тауарларын жасап шығаратын негізгі кәсіпорындар көрсетілген.

Мұнымен қатар бүгінгі таңда жаңадан құрылған бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, ешбір кәсіпорынның кіріс келтіріп жұмыс істеп тұрмағанын да айта кеткен жөн. Қазіргі кезде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар сақталып қалған ресурстарын пайдаланып, дайын өнімді қайта сатып, жергілікті шетелдік құрылтайшылардан с у б с и д и я л а р а л ы п о т ы р .

Саланың дағдарыстық жағдайына мынадай факторлар алғышарт болып отыр:

- сала кәсіпорындары жасап шығарған өнімнің сапалық сипаттамалары және бағасы тұрғысынан бәсеке қабілетінің болмауы. Соңғы онжылдықтар ішінде нақты инновациялар мен инвестициялардың болмауы, мұндай өнімді өндірудегі алдыңғы қатарлы әлемдік өндірушілермен байланыстың болмауы және қазіргі заманғы конструкторлық құжаттамаға қол жеткізілмеуі сала кәсіпорындарының технологиялық жағынан артта қалуына, шығарылған өнімнің шет елдердің осыған ұқсас өнімдерімен бәсекеге түсе алмауына себеп болды;

- ТМД елдеріндегі және Қазақстандағы жалпы экономикалық дағдарыстың салдарынан өнімді өткізу рыноктары аясының күрт тарылуы және төлем қабілеті бар с ұ р а н ы с т ы ң т ө м е н д е у і ;

- шетел (ТМД елдерін қоса алғанда) өнім өндірушілерінің тарабынан мықты б ә с е к е н і ң б о л у ы ;

- менеджмент пен маркетингтің төмен деңгейі, кәсіпорындардың әлеуметтік жүктемелері, рыноктың сыйымдылығына сай келмейтін өндіріс ауқымы.

Сала кәсіпорындарының көпшілігі негізгі өндірісін тоқтатып, азаматтық мақсаттағы электрон және электротехника өнімінің шағын көлемін өндіруді жолға қойған конверсиялық кәсіпорындар болып табылады. Бүгінгі таңда саланың өндірістік әлеуеті:

- жекелеген бөлшектелген (сигменттелген) өндірістік алаңдар;

- соңғы жылдары берілген немесе сатып алынған батыстың қазіргі заманғы технологиялық жабдығының бір бөлігі тұрғысынан ғана нақты пайдаланылуы мүмкін.

Электрон және электротехника өнімін шығаратын кәсіпорындардың рентабельді өндірістік-шаруашылық қызметін қалпына келтіру электрон және электротехника өнімін негізгі сатып алушылар болып табылатын Қазақстан компанияларын өндірістік-шаруашылық байланыстар жүйесіне енгізе отырып, саланы дамытудың бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеуді талап етеді.

Саланың негізгі экономикалық көрсеткіштерін 2-қосымшадан қараңыз.

4. Өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын дамытудың әлеуеті мен стратегиясы

Қазақстанда өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын дамытудың әлеуетті мүмкіндіктері мынадай жағдайлармен айқындалады және шектеледі:

1) өндіріс факторлары тұрғысынан, қажетті біліктілігі бар арзан еңбек ресурстарының болуы мен жергілікті шикізат көздері салыстырмалы түрдегі ықтимал артықшылық болып табылады. Мұнымен қатар өнімнің құны жағынан ықтимал ұтымдылық аталған факторлардың салдарынан тасымалдауға кететін шығындарға жатқызылуы мүмкін, өйткені олар Қазақстанда оның жағрафиялық жағдайына, ара қашықтыққа және көлік инфрақұрылымының жеткілікті түрде дамымағандығына байланысты барынша жоғары болып табылады, сондай-ақ басқа шығыстардың (электр қуаты, жылумен және сумен жабдықтау және т.с.с.) құнына жатқызылуы мүмкін. Бұған қоса қазіргі кезде шикізат өндірісінің көпшілігі шетел компанияларының басқаруында немесе меншігінде болып отырғандықтан шикізаттың бағасы әлемдік рыноктағыдан төмен болмауы мүмкін. Қолда бар жабдық (соңғы жылдары батыстан сатып алынған жабдықты қоспағанда) өнімді сапаның қазіргі заманғы стандарттарына сай жасап шығаруға мүмкіндік бермей отыр. Осындай факторларға байланысты электрон және электротехника өнімін әлемдік рынокқа экспорттау мүмкіндігінің болмай отырғаны сияқты Қазақстан өнім өндірушілерін халықаралық өнім өндірушілердің технологиялық тізбегіне бір буын етіп енгізу мүмкіндігі де жоқ. Сонымен бір уақытта ішкі рынокқа және ТМД елдерінің рыногына бағдарланған не Қазақстанда өндірілетін шикізатқа негізделген өндіріс рентабельді болуы ықтимал;

2) әлеуетті сұраныс тұрғысынан, Қазақстан рыногының өнімнің жекелеген түрлері бойынша қамтымдылығы экономикалық жағынан өзін-өзі ақтайтын өндірісті жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Мысалы, телефон кабелі рыногының тиімді қамтымдылығы жылына 3-5 мың км болып отырғанда оның өндірісінің тиімділігіне жылына кемінде 10-12 мың км көлемінде қол жеткізіліп отыр. Сұраныс іргелес елдердің (Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан) рыноктарына шығудың есебінен кеңейтілуі мүмкін, бірақ бұл ретте Қазақстан өнім өндірушілерінің мұнда жергілікті және шетел компаниялары тарапынан қатал бәсекеге тап болатынын да ескерген жөн. Сұраным құрылымы шағын қуатты жоғары технологиялық өндіріске бейімделуді талап етеді. Сонымен бір уақытта Қазақстанда өндірілетін әрі шет елде теңдесі жоқ өнімге деген не мүлде жаңа өнім түрлеріне деген тұрақты сұранысты да қатерден шығармау керек. Импорт бойынша сатып алынатын және импортты алмастыруы ықтимал электрон және электротехника өнімінің тізбесін 4-қосымшадан қ а р а ң ы з ;

3) халықаралық кооперацияны дамыту тұрғысынан, ТМД рыноктарына шығуға не шикізат ресурстарына қол жеткізуге мүдделі шетел компаниялары саланы дамытудың шын мәніндегі қозғаушы күші бола алады. Қазақстан өнім өндірушілерін осы компаниялардың технологиялық тізбегінің бел ортасына енгізу мүмкіндігі күрделі мәселе болғанмен, Қазақстанда кеңінен қолданылып отырған жинақтау өндірісін,

жабдыққа (мәселен, мұнайға қатысты жабдық) арналған тез тозатын тораптар мен бөлшектердің өндірісін немесе Қазақстанда өндірілетін шикізаттан жасалатын барынша қарапайым бөлшектердің өндірісін (мысалы, мыс клеммдер, қалқаншалар, сымдар және т.б.) ұйымдастыру әбден мүмкін. Мұндай жағдайда халықаралық кооперацияға ену Қазақстан өнім өндірушілеріне қазіргі заманғы технологияларға, жабдықтар мен қаржы ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұнымен қатар ТМД елдерінің кәсіпорындарымен өндірістік кооперацияға кірудің болашағы бар.

Осыған байланысты электрон және электротехника өнеркәсібі саласының даму стратегиясы мынадай принциптерге негізделеді:

- электрон және электротехника өніміне деген сұраныстың ішкі әлеуетін барынша пайдалану. Қазақстанның өнімді негізгі тұтынушыларымен ("Қазақтелеком" ААҚ, "КЕГОК" ААҚ, "Қазақстан темір жолы" РМК, мұнай-газ секторының кәсіпорындары) Қазақстан өндірушілерінің өніміне сұранысты қалыптастыру;

- электр қуатына, сумен және жылумен жабдықтауға кететін шығындарды азайту және қолдаушы институттық құрылымды ұйымдастыру үшін шағын қуатты өндірістерді бір өндірістік кешеннің шеңберінде шоғырландыру. Мұндай өндірістердің өзара технологиялық байланыста болуы шарт емес (технопарктер құру);

- көлік шығыстарын азайту үшін өндірісті шикізаттың мейлінше елеулі рыноктарына (тұтынушыларының) немесе көздеріне жақын жерде орналастыру (Ақмола, Павлодар, Батыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстары);

- электрон және электротехника өнімін алдыңғы қатарлы өндірушілердің қатысуымен бірлескен кәсіпорындар құру; Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан кәсіпорындарымен өндірістік кооперацияны дамыту.

Осылайша өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын дамыту алдыңғы қатарлы шетелдік өнім өндірушілермен кооперациялана отырып, кейін өндіріс технологиясын тереңдете отырып және өнімнің бір бөлігін сыртқы рынокта сататын болып, өнімнің ішкі тұтынушыға бағдарланған сапалық көрсеткіштерін жолға қойып және тестілей отырып, жинақтаушы өндірістерді ұйымдастыру жолымен немесе шикізатты ұқсатуды біртіндеп тереңдете отырып, жоғары деңгейдегі дайын өнім өндіруге шығу жолымен жүзеге асырылатын болады.

5. Өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын дамытудың негізгі бағыттары, бағдарламалық ұсыныстар

1. Қазақстан өнім өндірушілерінің электрон және электротехника өніміне деген сұранысты қалыптастыру.

Электрон және электротехника өнімін өндіруді дамытудың негізгі шарты осындай өнімге деген сұраныс болып табылады. Бірінші кезеңде сала өнімінің бірінші тұтынушылары Қазақстанның ірі компаниялары болатыны анық. Осы компаниялардың

(мысалы, "Қазақтелеком" ААҚ-на арналған ЕДҚБ заемы және синдицирленген заем, "КЕГОК" ААҚ-на арналған Дүниежүзілік банктің заемы, "Қазақстан темір жолы" РМК дамытуға арналған болжалып отырған ЕДҚБ заемы, мұнай өндіру мен мұнай өңдеуге тікелей инвестициялар және т.б.) инвестициялық бағдарламаларын іске асыруға қаржы ресурстарын тарту Қазақстанның электрон және электротехника өнеркәсібі Қазақстандық өндірушілерінің өніміне төлем қабілеті бар сұранысты қалыптастыруға нақты мүмкіндіктер туғызады.

Қазақстанда электрон және электротехника өнеркәсібінің саласын дамытуды ынталандыру мақсатында Қазақстан компанияларының сатып алулардың бір бөлігін ішкі рынокта жүзеге асыруы қажет. Бұл үшін қазіргі заманғы технологиялық талаптарға сай келетін, бағасы жағынан осыған ұқсас импорттық тауар бағасынан қымбат болмайтын өнімнің белгілі бір номенклатурасын Қазақстан өнім өндірушілерінен кепілді сатып алудың көлемін анықтау және шарттар жасасу жөнінде жұмыс жүргізу қажет. Өнімді сатып алуға тендер өткізген кезде жергілікті өнім өндірушілер үшін Дүниежүзілік банк заемдары бойынша жүргізілетін халықаралық бәсекелік саудаластықтар кезінде пайдаланылатын артықшылықтар жүйесіне ұқсас преференциялар жүйесі көзделу керек.

2. Жаңа технологияларды енгізу және осы заманғы құрал-жабдықты орнату.

Өндірілетін өнімнің осы заманғы технологиялық стандарттарға сай келуі жөнінде қойылатын талап жаңа технологиялар енгізу мен батыс өнім өндірушілерінің осы заманғы құрал-жабдығын орнату қажеттілігін туғызады. Саланың кейбір кәсіпорындарында мұндай технологиясы жоғары құрал-жабдықтар орнатылған (3-қосымшаны қараңыз), бірақ кәсіпорындардың көпшілігі моральдық тұрғыдан тозығы жеткен құрал-жабдықты пайдаланады.

Құрал-жабдық пен технологиялар тікелей инвестицияларды тартудың есебінен (шетелдік құрылтайшының бірлескен кәсіпорынға жарнасы түрінде) экспорттық несие немесе өнім берушінің несиесін тартудың есебінен импортталуы немесе лизингке алынуы мүмкін. Барлық жағдайда да қоса қаржыландыруды ұйымдастыру тиісті өндірістік тәжірибесі бар сенімді жергілікті әріптестің/өнім өндірушінің болуы талап етіледі. Жабдық сатып алудың немесе бірлескен кәсіпорындар құру мен бизнес-жоспарлар жасаудың техникалық-экономикалық негіздемелерін дайындау, сондай-ақ қаржыландыруды жұмылдыру өндірісті технологиялық жаңартудың қажетті шарты болып табылады.

3. Жетекші шетел компанияларымен өндірістік кооперацияны ұйымдастыру.

Электрон және электротехника өнеркәсібінің өніміне төлем қабілеті бар сұраныстың болуы осы саладағы өз өнімін Қазақстан рыногына шығаруға мүдделі жетекші шетел компанияларымен өндірістік кооперацияны дамытуға қолайлы жағдай туғызады. Осындай компаниялардың жабдықтарын, олар беріп отырған бөлшектер мен құраластарды пайдалана отырып, өндірісті (бастапқы кезде - жинақтаушы өндірісті)

ұйымдастыру саланы дамытуға негіз бола алады. Мәселен, күрделі электрондық платалар әріптес сериялық зауыттардан алынса, қарапайым бөлшектер жергілікті өндірушілерден алынуы мүмкін. Келешекте тәжірибенің жинақталуына, технологияның жолға қойылуына, өнім сапасының артуына қарай өнім номенклатурасын кеңейту, өндіріс технологиясын тереңдету және өнімнің бір бөлігін сыртқы рынокта сату қарастырылатын болады.

Шетел компанияларын ынтымақтастыққа шақыру Қазақстанда қандай да бір электрон және электротехника өнімін өндіруді ұйымдастыруға тендер жариялау жолымен не белгілі бір шетел компаниясын ынтымақтастыққа тікелей шақыру жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Қазақстан тарапынан қосылатын үлес ретінде: Қазақстан компанияларының тарапынан өнімге деген кепілді сұраныс, мемлекеттік қолдау құралдары (салықтық жеңілдіктер, артықшылықтар, саяси және регулятивті тәуекелдерден кепілдіктер және т.с.с.), өндіріс орналастырылатын жер және өндіріс алаңдары; бірқатар жағдайда қоса қаржыландыру ұсыныла алады.

4. Саланы дамыту үшін қолайлы ортаны және ынталандырулар жүйесін қ а л ы п т а с т ы р у .

Озық технологиялардың және жаңа ғылыми қамтымды өндірістердің дамуын ынталандыру үшін қазіргі заманғы ұйымдастырушылық-технологиялық әдістерді қ о л д а н у қ а ж е т .

Әлемдік тәжірибеде мұндай жағдайда технопарктер мен технополистер нысанаға алынады. Технопарктер мен технополистерді қалыптастырудың қажеттілігі туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев "Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында" атап көрсетті.

Технопарктер мен технополистер - бұл тұтынушыларға қажет және оларға ғылыми-техникалық проблемаларды шешуге жәрдемдесетін жаңа техникалық идеялар, жобалар мен бұйымдар, материалдар мен қызмет көрсетулер пайда болатын кеңістік.

Қазақстанның жағдайында технопарктерді қолда бар ғылыми-техникалық әлеуеттің және технологиялық бөліністің негізінде, яғни, машина жасау кешені мен қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындарында құрған орынды.

Технопарктерді, әдетте, бірнеше құрылтайшы құрады және олар ғылыми орталықтармен, өнеркәсіп орындарымен, аймақтық және жергілікті өкіметпен өзара қарым-қатынас тетіктері жолға қойылған бірлескен кәсіпорындар болып табылады.

Технопаркте өндірісті орналастыру тартымдылығына мыналардың есебінен қол ж е т к і з і л е д і :

- бизнесті жүргізу мен әкімшілік проблемаларды жедел шешуге жақсы ортаны қалыптастыратын жергілікті атқарушы өкіметтің тиімді жүйесі;
- даяр өндіріс жайларының және өндірістік инфрақұрылымның болуы, көпсанды пайдаланушылардың арасында бөлудің есебінен пайдалану шығындарын азайту;
- өндіріс аймағының өзінде кедендік, қаржылық, көліктік және коммуникациялық

қ ы з м е т

к ө р с е т у ;

- біліктілігі жоғары әрі арзан жұмыс күшінің болуы.

Технопарктер жаңа техниканы және ғылыми қамтымды технологияларды құру мен енгізуге бағытталған инновациялық ұсыныстарға, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларға сараптама және іріктеу жүргізеді, сондай-ақ бұл ұсыныстардың тәуекелін бағалайды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және олардың нәтижелерінің өндіріске берілуіне жәрдемдеседі. Бұған қоса олар кәсіпорындарға өндірістік алаңдар береді, заң, маркетинг, шаруашылық және өзге де қызметтерді ұсынады, интеллектуалдық меншікті құқықтық және коммерциялық қорғауға жәрдемдеседі.

Технопарктің кірісі жалдау ақысынан, әртүрлі қызмет көрсетулерді сатудан түскен және технопарк қандай да бір нысанда өз қаражатын қосқан фирмалардың пайдасына қатысуынан түскен кірістерден құралады. Астана қаласында бұрынғы "Целиноградауылшармаш" кәсіпорнының негізінде, сондай-ақ Қарағанды, Алматы, Өскемен, Петропавл және Орал қалаларында технопарктер құру жоспарланып отыр.

Технополистер қолданбалы ғылыми зерттеулер өндірісте іске асырылатын ғылыми-өндірістік кешендер түрінде болады. Курчатов қаласында "Интерконнект ҚК" БК-ның негізінде және Орал қаласында "Гидроаспап ҒЗИ" АҚ-ның негізінде, сондай-ақ Байқоңыр ғарыш айлағында технополистер құруға болады.

5. Саланың кәсіпорындарын қайта құрылымдауды ынталандыру, дәрменсіз өндірістерді тоқтату, инвестицияларды жұмылдыру.

Материалдық және қаржы ресурстарын өзіне тартып отырған төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарды қайта құрылымдау және дәрменсіз өндірістерді тоқтату сала жұмысының тиімділігін арттырудағы маңызды бағыт болып табылады. Бағдарламаны іске асырудың шеңберінде саланың әрбір кәсіпорнының өндірістік-шаруашылық қызметіне талдау жасау, оның келешектегі өміршеңдігін айқындау және қайта құрылымдау мен санациялаудың не тарату мен банкроттықтың тиісті бағдарламаларын әзірлеу қажет.

6. Басқару мен маркетингтің жаңа әдістерін енгізу.

Кәсіпорынның басқарушы персоналының біліктілігін арттыру, оның нарықтық қатынастарға бейімделуі, дамыған маркетинг сала кәсіпорындары жұмысының табысқа жетуінің маңызды құраласы болып табылады. Бұл кәсіпорын басшыларына арналған басқарудың жаңа принциптеріне оқыту, тәжірибе алмасу, қаржы менеджментінің жаңа әдістеріне тиімді көшу, бухгалтерлік есептің халықаралық жүйесін енгізу жолымен қамтамасыз етіледі.

7. Бағдарламалық ұсыныстар.

К а б е л ь ө н і м і н ө н д і р у .

Талшықты-оптикалық кабельді, бақылау және байланыс кабельдерін, оның ішінде броньдалған кабельдерді, сондай-ақ 4 кВ-тық өзі жеткізетін оқшауланған сымдарды (желілерді жаңарту үшін) Павлодар қаласының "Қазэнергокабель" АҚ-нда жасап шығару мүмкін болады .

Серіктік байланыстың және серіктік радиохабарларын тарату мен телевизияның жердегі станцияларына арналған антенналар конструкциясының элементтерін жасап шығару .

Жекелеген элементтерді жасап шығару игерілді және Орал қаласының "Омега" АҚ-да жасап шығарылады, Үлбі металлургия зауытында қажетті технологиялық жабдық бар .

Телекоммуникация жабдығын жасап шығару.

РРХ-4 коммуникация жабдығын жасап шығару "Веснет" БК-нда, АТСК, АТСК-У телефон станцияларын электрондауға арналған жабдық - "Омега" АҚ-да, УКВ диапазонындағы радиоқабылдағыштарды, радио-және телевизия таратқыштарын - ҚР РЭС НО-да игерілген. Қазіргі уақытта ҚР РЭС НО телефонмен сөйлесуді уақыт бойынша есепке алудың 1 000 және 5 000 абонентке арналған тарифтегіштерін, қалалық АТС-тарын жаңартудың электрондық схемаларының жабдықтарын, метеорлық радиобайланыс жүйелерін, Алматы қаласының жағдайына бейімделген бағдарламалық қамтамасыз етілген транкиннгтік, пейджерлік және КВ-байланысы жүйелерін тәжірибелік пайдалануды жүргізіп отыр.

Абоненттік желілерді тығыздаушыларды жасап шығару - "Омега" АҚ-нда, таксофондық кабиналарды, бақылау-өлшеу техникасын, құралдарды, кабельдік шкафтарды, статифтерді, қаңқаларды жасап шығару Петропавл қаласының "Киров атындағы зауыт" АҚ-нда игеру мүмкіндігі бар.

"Интерконнект ҚК" БК теледидарлар мен мониторларға, телефондар мен модемдерге арналған біржақты және екіжақты платалар жасап шығаруды игерумен қатар, компьютерлерге арналған аудио- және бейнекарттар шығарады.

"Сайман" компаниясымен бірлесе отырып, көптарифті электронды-механикалық және электрондық электр қуатын есептегіштер дайындалып, сертификаттаудан өткізуге берілді .

"Аэлита" Қазақстан-Ресей инновациялық бірлескен кәсіпорны С.П.Ковалев атындағы "Энергия" РҚК-мен, М.К.Янгель атындағы КБ-мен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының өзінің старт кешені ретінде коммерциялық ракета ұшыруда пайдалануға арналып Байқоңыр ғарыш айлағының 45-алаңында (оң жақ) старт кешенін қалпына келтіру мен қайта жаңарту жобасын әзірлеуде.

Кепілді өнім өткізу жолға қойылған, қысқа мерзімде игерілуі мүмкін негізгі өнім түрлерін 5 - қ о с ы м ш а д а н қ а р а ң ы з .

6. Саланы дамыту үшін инвестициялар мен қаржыландыруды тарту
Сала кәсіпорындарын дамытуды қаржыландырудың негізгі көздері мыналар болып
т а б ы л а д ы :

- сыртқы көздер: тікелей шетел инвестициялары (бірлескен кәсіпорындардың капиталына қатысу, акциялар сатып алу); негізгі компаниялардың еншілес компанияларға несие беруі, экспорттық несиелер немесе өнім берушінің несиелері; Қазақстан Республикасының Үкіметіне шағын және орта бизнесті дамытуға арнап берілетін заемдар; шетел банктерінің

несиелері; жабдық лизингі;

- ішкі көздер: шағын және орта бизнесті дамытуға арналған инвестициялық қорлар, бюджеттік несие желілері, қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындарын конверсиялау үшін бөлінетін қаражат, отандық банктердің несиелері.

Қаржы ресурстарын жұмылдыру үшін мынадай құралдар пайдаланылуы мүмкін:

- Қазақстан Республикасының кепілдіктері;
- Дүниежүзілік банктің саяси және регулятивті тәуекелінің кепілдіктері;
- отандық банктердің кепілдіктері,
- мүлікті, жабдықты және өнім беруге арналған келісім-шарттарды кепілге беру;
- қаржы тәуекелдерін ішінара сақтандыру.

Өндірісті жаңартудың келешекті нысаны жабдық лизингі болып табылады, бұл ретте аванстық жарна қорлардың шағын және орта бизнесті дамытуға берген қаражатының есебінен жасалуы мүмкін.

Әрбір жоба үшін бизнес-жоспар жасалуы, қаржыландырудың барынша оңтайлы көздері мен құрылымы айқындалуы тиіс. Тікелей шетел инвестицияларын тарту мейлінше қолайлы болып табылады, бұл қаржыландыруды ұйымдастыруға және оны қамтамасыз етуге байланысты қиындықтарды жеңуге, жаңа технологиялар мен осы заманғы жабдыққа, сондай-ақ менеджерлік тәжірибеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

7. Саланы дамытудың институттық негізі және мемлекеттік қолдауы

Республикада өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын дамыту бағдарламасын іске асыру үшін "Индустриалық парк" ААҚ құрылды. "Индустриалық парк" ААҚ-ның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- Қазақстан компаниялары мен Қазақстанда өндірілетін электрон және электротехника өнімін беріп тұру жөнінде жұмыс жүргізу және шарт жасасу;
- сала кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметіне талдау жасау, оларды

дамыту, қайта құрылымдау немесе тарату туралы ұсыныстар енгізу;
- сала кәсіпорындарында тапсырыстарды орналастыру;
- бизнес жоспарлар мен техникалық-экономикалық негіздемелерді дайындауды ұйымдастыру, қаржыландыруды ұйымдастыруға жәрдемдесу, тікелей шетел инвестицияларын тартуға жәрдемдесу;
- технополистер мен технопарктер құруға жәрдемдесу; электрон және электротехника өнімін өндіруді ұйымдастыру;
-"Индустриалық парк" ААҚ-ның трастылық басқаруына берілген не "Индустриалық парк" ААҚ акционері (құрылтайшысы) болып табылатын сала кәсіпорындарын басқаруға қатысу.

"Индустриалық парк" ААҚ өз қызметінде Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігімен, Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігімен, "Шағын және орта бизнесті дамыту қоры" ЖАҚ-мен, банктермен және басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес институттармен тығыз іс-қимыл жасайды.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін "Индустриалық парк" ААҚ мынадай іс-шараларды орындайды:

- Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен бірге
- "Индустриалық парк" ААҚ қамқорлығымен өндірістер ұйымдастырған кезде жеңілдіктер мен артықшылықтардың стандартты пакетін беру - "Қазақтелеком" ААҚ, "КЕГОК" ААҚ, "Қазақстан темір жолы" РМК-мен бірге - Қазақстан

Республикасының кәсіпорындарында өндірілген өнімді кепілді беру;

- Астана, Қарағанды, Алматы, Өскемен, Петропавл, Орал қалаларының әкімшіліктерімен бірге - технопарктер құру;
- Курчатов қаласының, Алатау поселкесінің (Алматы қаласының Медеу ауданы) Орал қаласының және Байқоңыр қаласының әкімшіліктерімен бірге - технополистер құру.

8. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламадан күтілетін негізгі нәтижелері мыналар болып табылады:

- осы заманғы технологиялық талаптарға сай келетін электрон және электротехника өнімінің өндірісін дамыту;
- жоғары технологияларды енгізудің есебінен тауарларды импорттау көлемін қысқарту және импортты ішкі өндіріспен алмастыру;
- электрон және электротехника саласын басқару құрылымын жетілдіру;
- рынок талаптарын есепке ала отырып, саланың кәсіпорындарын қайта құрылымдау;

- озық технологиялардың негізінде кәсіпорындарды технологиялық жағынан қайта құру, шығарылған өнімнің сапасы мен бәсекелестік қабілетін арттыру;

- жаңа жұмыс орындарын құру жолымен әлеуметтік жағдайды жақсарту.

9. Өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Мерзімі	Іс-шаралар	Жауапты орындаушылар
1999 жылдың қыркүйегі	Ұлттық компаниялардың им. портты алмастыруға деген қажеттіліктерін айқындау, жергілікті рынокта өнімдерді кепілді сатып алу туралы келісімдерге қол қою.	"Индустриялық парк" ААҚ, ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі, ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, "Қазақтелеком" ААҚ, "КЕГОК" ААҚ, "Қазақстан темір жолы" РМК
1999 жылдың қыркүйегі	Құқықтық базаға талдау жасау және өнеркәсіптің электрон және электротехника саласын дамыту бағдарламасын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.	"Индустриялық парк" ААҚ, ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі, ҚР Әділет министрлігі, ҚР Инвестициялар жөніндегі агенттігі, ҚР Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі, ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігі
1999 жылдың тамызы	Телекоммуникациялық құрал-жабдықты жаңарту жобасына EDCF несиесін (Корея Респуб. ликасы) тарту жөніндегі жұмысты аяқтау	"Индустриялық парк" ААҚ, ҚР Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі, ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі, "Қазақтелеком" ААҚ

| 1999 жылдың | Астана қаласында технопарк | "Индустриялық парк" ААҚ,
| қыркүйегі | ұйымдастыру, технопарк | Астана қаласының әкімшілігі,
| | аймағындағы өндірісті ұйым. | ҚР Инвестициялар жөніндегі
| | дастыру | агенттігі, ҚР Мемлекеттік
| | | кіріс министрлігінің кеден
| | | комитеті

| 1999 жылдың | Электрон және электртехника | "Индустриялық парк" ААҚ, ҚР
| желтоқсаны | өнеркәсібі кәсіпорындарының | Энергетика, индустрия және
| | өндірістік-шаруашылық қыз. | сауда министрлігі, ҚР Қаржы
| | метіне талдау жасау, кәсіп. | министрлігі (Мемлекеттік мү.
| | орындарды дамыту (қайта құ. | лік және жекешелендіру де.
| | рылымдау, тарату) бағдарла. | партаменті, Медетші қор),
| | маларын әзірлеу) | "Кәсіпорындарды қайта ұйым.
| | | дастыру және тарату жөніндегі
| | | агенттік" ААҚ

| Ұдайы | Шетелдік инвесторлармен | "Индустриялық парк" ААҚ, ҚР
| электрон және электртехника | Инвестициялар жөніндегі
| өнімін өндіруді ұйымдастыру | агенттігі, ҚР Энергетика,
| бойынша жұмыс жүргізу, қар. | индустрия және сауда министр.
| жыландыруды тарту үшін тех. | лігі, ҚР Көлік, коммуника.
| никалық-экономикалық және | циялар және туризм министр.
| басқа да құжаттаманы дайын. | лігі
| дау, қаржы институттарымен |
| қаржыландыруды ұйымдастыру |
| бойынша жұмыс жүргізу |

1-қосымша

Саланың негізгі кәсіпорындары

Электрон және электротехникалық өнім өндіруде маманданған кәсіпорындар мыналар болып табылады:

Ақтөбе облысы

- "Ақтөберентген" АҰАҚ ("Геотехника" АҚ-мен кооперацияланып, КРФ-112 маркалы жүк автомобилінің негізінде флюорографиялық кешен жасап шығару телефон аппараттарын жасап шығару) .

А л м а т ы қ а л а с ы

- "Мұнайаспап" АҚ (бензинге арналған тарату колонколарын және оларға арналған қосалқы бөлшектерді жасап шығару);

- "АРВЗ-СВТ" АҚ (есептеу техникалары мен компьютерлерді жөндеу мен оларға техникалық көмек көрсету);

- "Дасу" АҚ (суды, электр және жылу қуатын өлшеуге, бақылау мен сынауға арналған аспаптар мен құралдарды жасап шығару);

- "Сайман" АҚ (электр энергиясын есепке алудың екі және үш фазалық, бір және екі тарифті аспаптарын жасап шығару мен оларға қызмет көрсету);

- "Қазгеофизаспап" АҚ (геологиялық аппаратура жасап шығару);

- "Радиотехника зауыты" АҚ (арнайы өнімді, электр есептегіштерді жасап шығару);

- "Эл Джи Электроникс" АҚ, "Дазко" БК (тұрмыстық күрделі электр техникасын жасап шығару);

- "Найза" АҚ (төменгі вольтты аппаратура, 1000 амперге дейінгі автоматты ажыратқыштар, жиынтықты күштік жарық беру құрылғыларын жасап шығару);

- "Алматы электрмеханика зауыты" АҚ (бөлуші щиттерді, ЖЭБ-ге арналған металл конструкцияларын жасап шығару);

- "Машина жасау зауыты" АҚ (лазерлік жабдық, озон генераторларын, күннен қуат алатын батареялар жасап шығару);

- "Алатау" АҚКБ ҒӨК (бақылау мен басқарудың телевизиялық, радиохабар тарату, телемеханика жүйелерінің таратқыштарын жасап шығару);

- ҚР Радиоэлектроника және байланыс ұлттық орталығы (УКВ диапазонындағы радиоқабылдағыштарды, радио- және телевизия таратқыштарын, телефонмен сөйлесуді уақыт бойынша тарифтегіштерді, метеорлық радиобайланыс және транкингтік, пейджтік және КВ байланыс жүйесін жасап шығару, жеке компьютерлерді жинақтау мен шығару) .

А л м а т ы о б л ы с ы

- "Қайнар" АҚ (қорғасын аккумуляторларын жасап шығару);

- "Азия электроник" ЖҰАҚ (сымдар мен кабельдер жасап шығару);

- "Қазақкумулятор" АҚ (никель-кадмий аккумуляторлар, жабық үлгідегі стационар аккумуляторлар жасап шығару);

- Тиеу насостары зауыты (электрлі тиеу насостарын, оларға арналған электр двигательдерін жасап шығару);

- "Шунгит" АҚ (бейнетаспалар мен шунгит қолданылатын аккумуляторларды жасап шығару) .

Ш ы ғ ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

- "КК Интерконнект" ЖҮАҚ (телекоммуникациялық құрал-жабдықты (коммутациялық станциялар, абоненттік желілерді тығыздау жүйелері, кростардағы желілерді қорғау элементтері) жасауға арналған бір қабатты және көп қабатты баспа платаларды жасап шығару, теледидарды, бейнемагнитофондарды, кабельдік телевизияны, ілеспе аударманы жеткізетін жүйелерді, темір жолға арналған телефон станцияларын, жеке компьютерлерді жасап шығару);

- "Конденсатор зауыты" АҚ (конденсаторлар, 0,4-тен 10 кВ-қа дейінгі сақтағыштарды, серіктік эфирді қабылдауға арналған телевизия антенналарын жасап шығару) ;

- "Қазақстанкабель ӨБ" ЖШС (сымдар мен жалғастыру бауларын, автотракторлық, орнату, жарылыс, телефон, күштік тиеу, бақылау, дабылдық блок қоятын сымдарды, орау, эмальданған сымдарды жасап шығару);

- "Машзауыт" ЖШС (тұрмыстық техникаға арналған конденсаторлық электр двигательдерін жасап шығару) .

Б а т ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

- "Гидроаспап ҒЗИ" АҚ (күрделі электрон және электртехника өніміне жататын суасты роботтарын, жүйелерін, желэнергетика құрылғыларын жобалау, жасап шығару және пайдалану) ;

- "Омега" АҚ (электрмеханика станцияларын электрондау жүйелерін, газ шаруашылығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін электрон аспаптарды, жылдамдық өлшегіштердің бөлшектері мен тораптарын, тепловозға арналған жылу насостарының айналымын реттегіштерді, толқын тартқыш техниканың элементтерін, кростық жабдықты жасап шығару) ;

- "Зенит" Орал зауыты" ААҚ (газ қазандықтарына арналған электрмагниттік қалқаншаларды, суасты жұмыстарын қамтамасыз етуге арналған жарықпен сигнал беруші құрылғысы бар арнайы буй-белгілер жасап шығару);

- "Орал-полипласт" АҚ (полиэтилен құбырларын жасап шығару) .

Қ а р а ғ а н д ы о б л ы с ы

- "КЭМОНТ" АҚ (электртехника бұйымдарын: жалғастырушы және тұйықтаушы муфталар, рубильниктер, жүктемені ажыратқыш-сөндіргіштер, трансформаторлық кіші станциялар жасап шығару) ;

- "Қазқараметавтоматика" АҮАҚ, "Автоматика АҮАҚ" (әртүрлі параметрлі бақылауға арналған аспаптар мен аппаратураны жасап шығару);

- "Орталық Қазэлектрсым" АҚ (полихлоридпен оқшауланған мыс және қалайы кабельдерді жасап шығару) .

П а в л о д а р о б л ы с ы

"Қазэнергокабель" АҚ (мыс және қалайы кабельдер, трольдар жасап шығару);

- "Веснет" БК (РУХ-4 коммутациялық жабдығын, "КЕВАУ" дем беру жүйесін

жасап шығару үстінгі монтаж технологиясы бойынша электрон платаларын жинақтау).

С о л т ү с т і к Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

- "Петропавл электроқшаулау материалдарын жасау зауыты" АҚ (электроқшаулау материалдарын жасап шығару);

- "Киров атындағы зауыт" АҚ (екі тарифті электр есептегіштерін, алдын ала ақы төлемей электр тұтынуға жол бермейтін кредит карточкаларын қолдана отырып, электр қуатын өлшеу аспаптарын, ток трансформаторларын, магистральды радиоқабылдау құрылғыларын, антенналарды, телекоммуникация жабдығына арналған тіреуіш конструкцияларды жасап шығару);

- "ЗИКСТО" АҚ (жарықпен сигнал беруші әртүрлі қалқыма буйларды, акваторияда жұмыс жүргізілген кезде міндеттерді орындауға арналған электртехника жабдықтарын жасап шығару);

- "ПЗТМ" АҚ (күзеттік сигнализацияға арналған жабдықтарды,

мұнай ұңғыларын қашықтықтан басқаруға, темір жолдарды жөндеуге және ұстауға арналған тетіктер);

- "Тыныс" АҚ (авиатехникаға арналған электртехника өнімін, өрт сөндіргіштерді, судың жұмсалуын есептеу аспаптарын, электронды салмақ өлшегіш аспаптар жасап шығару).

Оңтүстік Қазақстан облысы

- "Кентау трансформатор зауыты" АҚ (трансформаторлар жасап шығару);

- "Электраппарат" АҚ (жоғары вольтты май және вакуумды сөндіргіштерді, ток және кернеу трансформаторларын, 6-10 кВ номиналды кернеуге арналған ажыратқыштар мен сақтағыштарды, 1000 вольт номиналды кернеуге және 400 ампер номиналды токқа арналған рубильниктер жасап шығару).

2-қосымша

Саланың негізгі экономикалық көрсеткіштері

N	Көрсеткіштер	1996ж.	1997 ж.	1998 ж.	1999ж.	2000ж.
1	ІЖӨ, млн. теңге (ҚР	6528	5448	6157	987*	6545*
	Статистика жөніндегі агент.				қаңтар-	
	тігінің деректері)				наурыз	

2	Төлем жасау қабілеті бар					
	сұраныс:					
	- ішкі, жыл сайынғы					
	("Қазақтелеком" ААҚ,					
	"КЕГОК" ААҚ, "ҚТЖ" РМК)					
	млрд. Теңге	2,4	2,6	2,9	4,93	4,93
	- сыртқы	-	-	-	-	-
3	Инвестициялар:					
	-ішкі млн. теңге	71	215	60,2	16,6	-
	(конверсия бағдарламасы				жоба	
	бойынша ҚР Қорғанысминінің					
	Қорғанысөнеркәсібікомының					
	деректері)					
	-сыртқы тікелей, млн\$	4,8	4,1	1,5	15,0**	20,0**
	("Қазэнергокабель" АҚ,					
	"Интерконнект ҚК" БК)					

* - ҚР Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігінің деректері бойынша өнеркәсіптің жалпы алғандағы ІЖӨ 1999, 2000 жылдары тиісінше 815 млрд. және 850 млрд. теңгені құрайды, демек саланың ІЖӨ тиісінше 6276 млн. және 6545 млн. теңге болуы ықтимал.

** - жобалардың индикативті тізбесіне сәйкес (5-қосымша). Бұл ретте:

1. 1999 жылы салаға 15,0 млн. АҚШ доллары сомасында инвестиция құю болжалып отыр, бұл 41,9 млн. АҚШ доллары сомасына (4756 млн.теңге) қосымша өнім шығаруды, 3500 адамға жұмыс орнын ашуды қамтамасыз етеді.

2. 2000 жылы салаға 20,0 млн. АҚШ доллары сомасында инвестиция жұмсау болжалып отыр, бұл 56,0 млн. АҚШ доллары сомасына (6356 млн.теңге) қосымша өнім шығаруды, 4550 адамға жұмыс орнын ашуды қамтамасыз етеді.

3-қосымша

Қазақстанның өнеркәсіп орындарында орналасқан,
электртехникалық мақсаттағы өнім өндіру жөніндегі жұмыс

істеп тұрған жоғары технологиялық өндірістері
мен технологияларының
тізбесі

Осы заманғы технологиялар	Кәсіпорындардың атауы	Өнім беруші ел мемлекет үлесі	Кәсіпорындағы
1	2	3	4
Палаталарды үстіңгі монтаждау жабдығы	"Веснет" БК	АҚШ	24%
Инфрақызыл сәулелену пештеріндегі дәнекерлеу жабдығы	"Веснет" БК	АҚШ	24%
Құраластарды автоматты түрде орналастыру жабдығы	"Веснет" БК "Киров атындағы зауыт" АҚ, Петропавл қаласы, "Тыныс" АҚ Көкшетау қаласы	АҚШ ГФР	24% 90%
Дәнекер толқынымен дәнекерлеу жабдығы	"Веснет" БК "Киров атындағы зауыт" АҚ, Петропавл қаласы, "Тыныс" АҚ Көкшетау қаласы ҚРТЗ	Деректер жоқ АҚШ АҚШ	24% 90%
Платаларды бақылауға арналған тестік жабдық және бағдарламалық камтамасыз ету	"Веснет" БК "Киров атындағы зауыт" АҚ, Петропавл қаласы, "Омега" АҚ, Орал қаласы, ҚРТЗ "Алатау" АҚ	АҚШ АҚШ ГФР Корея	24% 90% 90% 90%

"Гидроаспап ҒЗИ" АҚ	Франция	90%
Баспа платаларын жасап шығару желісі	"Интерконнект ҚК" АҚШ БК, "Тыныс" АҚ, ҚРТЗ Ресей	34% 90%
Гальваникалық қаптау технологиясы	Үлбі металлургия комбинаты "Тыныс" АҚ, "Кирова атындағы зауыт" АҚ, Петропавл қаласы "Алатау" АҚ, Алматы қаласы	Деректер жоқ 90% 90%
Пленкалық микроэлектроника технологиясы	"Алатау" АҚ, "Кирова атындағы зауыт" АҚ, Петропавл қаласы	Франция ГФР 90% 90%
Сандық бақылау-өлшеу жабдығы	"Қазақтелеком" ААҚ, "Веснет" БК, "Алатау" АҚ	АҚШ АҚШ Деректер жоқ 90%
Электр кабельдері мен сымдарын, байланыс кабельдерін жасап шығару	"Қазақкабель" АҚ, "Қазақтелеком" ААҚ ("Байланыс" кәсіпорны), "Қазэнергокабель" АҚ, Павлодар қаласы	Түркия Ресей Қазақстан Италия 48%
Металл өңдеу өндірісі	Үлбі металлургия зауыты Павлодарэлектронмаш "Омега" АҚ, "Зенит" АҚ", Орал қаласы "Машзауыт" АҚ, Алматы қаласы	Деректер жоқ 90% 90%

4-қосымша

Импорт бойынша сатып алынатын, импортты алмастыруды ықтимал электрон және электртехника өнімінің тізбесі

Өнімнің атауы	Жылдық қажеттілік	Дәстүрлі өнім беруші	Ұйғарылып отырған қазақстандық өнім өндіруші
1	2	3	4

таблицаның жалғасы

Импорт бойынша сатып алу құны (млн. АҚШ доллары)

"Қазақтелеком" ААҚ

Халықаралық байланысқа арналған 12-16 талшығы бар талшықты-оптикалық кабель	2.0 мың км.	Германия	"Қазэнергокабель" АҚ	
			Павлодар қаласы	
Аймақтық байланысқа арналған 4-8 талшығы бар талшықты-оптикалық кабель	0,8 мың км.		"Қазэнергокабель" АҚ	4,0
			Павлодар қаласы	
4-24 талшығы бар талшықты-оптикалық ҚТЖ кабелі	0,5 мың км.		"Қазэнергокабель" АҚ	
			Павлодар қаласы	
Мыс сымдары бар байланыс кабелі			"Қазэнергокабель" АҚ	6,0
			Павлодар қаласы	
100 жұптық	4,0 мың км.	Ресей		
50 жұптық	6,0 мың км.	Түркия		

Абоненттік желі. 50 мың арна	Германия	"Омега" АҚ	5,5
лерді тығыздау жабдығы	Израиль	Орал қаласы	
Коммуникациялық жабдық	30-50 мың порт	Германия	"Веснет" БК
	Түркия		3.3-5.5
	Нидерланды	Нидерланды	
Таксофон кабиналары	1100 дана	Франция	"Киров атындағы зауыт" АҚ
		Испания	Петропавл қаласы
Кабель, шкафы, қорап қаңқасы, жүйелік блок-себеттер		Түркия	2-3
		Германия	
Коммуникациялық станцияларды жаңартуға арналған жабдық	4.0 мың		"Омега" АҚ
		Орал қаласы	3.8
Серіктік телевизия станциялары	2.0 мың		"Омега" АҚ-ның жекелеген
		тораптары	Орал қаласы
Телекоммуникация жабдығына қызмет көрсету мен оны пайдалануға арналған құралдар			"Киров атындағы зауыт" АҚ
		АҚ	Петропавл қаласы
		Ресей	"Омега" АҚ
		Орал қаласы	0.6-0.8
Бақылау-өлшеу техникасы			"Киров атындағы зауыт" АҚ
		АҚ	Петропавл қаласы
		"Омега" АҚ	0.5-0.8
		Орал қаласы	
Диаметрі 32-ден 110 миллиметрге			"Орал-полипласт" АҚ
			Орал қаласы

дейін полиэтилен құбырлары				
"Қазақтелеком" ААҚ бойынша барлығы				33.9
"КЕГОК" ашық акционерлік қоғамы				
Мыс және талшықты-оптикалық байланыс кабельдері	102.0 км		"Қазэнергокабель" АҚ	0.4
		Ресей		
Күштік кабельдік-өткізгіштік өнім			"Қазстанкабель" ӨБ ШШС	0.2
			"Қазэнергокабель" АҚ	
Бақылау кабельдері	215 км		"Қазэнергокабель" АҚ	0.5
Әртүрлі ажыратқыштар	328 дана		"Алматы электрмеханикалық зауыты" АҚ	0.7
110-500 кВ артық кернеуді шектегіштер	327 дана			1.09
		Ресей		
Желілік-аспалы арматура			"Алматы ауыр машина жасау зауыты" АҚ, "Киров атындағы зауыт" АҚ, Петропавл қаласы	1.2
"КЕГОК" ААҚ бойынша барлығы				4.09
"Қазақстан темір жолы" РМК				
СБПУ, МК, ТПП типті кабельдер	140 км		"Қазэнергокабель" АҚ	0.33
		Ресей		
Бағдаршам және комутатор лампы	102 мың дана			0.06

Аккумуляторлар	11 мың дана	ТМД	"Қазақаккумулятор" АҚ	0.5
Қос металды сым	30 тонна	Ресей		1.3
Контактілік сым	24 тонна	Өзбекстан	"Қазэнергокабель" АҚ	0.1
Болат-қалайы сым	75 тонна			0.23
		Ресей		
ДИСК-Б субблокта.	820 дана		"Омега" АҚ	0.1
ры, ПБМ-56			Орал қаласы	
педальдары				
Дауысжаңғыртқыштар	2400 дана		"Киров атындағы зауыт" АҚ	0.08
мен микрофондар		Ресей	Петропавл қаласы	
		"Омега" АҚ	Орал қаласы	
Үш фазалы	2 дана		"Кентау трансформатор	0.43
трансформаторлар		ТМД	зауыты" АҚ	
ВМТ және вакуумдық	56 дана		"Электраппарат" АҚ	0.8
ажыратқыштары			Шымкент қаласы	
"Зоненшайн"	8 жиынтық		"Қазақаккумулятор" АҚ	0.32
аккумуляторлық		Германия	Талдықорған қаласы	
батареялары				
ТФЗМ ток	20 дана		"Киров атындағы зауыт" АҚ	0.17
трансформаторы		ТМД	Петропавл қаласы	
СИНЭТ электр қуа.	1 жүйе			0.18
тының автоматтан.		Украина		
дырылған жүйелері				
"АЛЬФА" электрон	176 жиынтық		"Киров атындағы зауыт" АҚ	0.24
жүйесінің есепте.			Петропавл қаласы	
гіші				

УЭЗФМ электрон жүйесінің релесі	39 дана			0.8
		ТМД		
"Қазақстан темір жолы" РМК бойынша барлығы				5.4
Жиыны:				43.9

5-қосымша

Өнеркәсіптің электрон және электртехника саласын дамытудың 1999-2005 жылдарға арналған жобасының индикативтік тізбесі

Рет N	Жобаның атауы	Орындалу мерзімі, жылдар	Орындаушылар деген тілігі (млн. \$)	Қаржыландыруға
1	2	3	4	5
1	Телекоммуникация жабдықтарын өндіру мен жаңарту	1999 ж.	"Индустриялық парк" ААҚ "Қазақтелеком" ААҚ	20,0
2	Электр-және автотиегіштердің өндірісін игеру	1999-2001 жж.	"Индустриялық парк" ААҚ "ЗИКСТО" АҚ Петропавл қаласы, "Балқанкархолдинг" фирмасы	4.0
3	Газды авариялық-тоқтатудың ГТЖЖ типті электрон жүйесін шығаруды игеру	1999-2001 жж.	"Индустриялық парк" ААҚ "Омега" АҚ Орал қаласы	2,3
4	0.4 кВ өздері жеткізетін оқшауланған сымдардың, қос металды және контактілік сымдардың	1999-2001 жж.	"Индустриялық парк" ААҚ "Қазэнергокабель" АҚ Павлодар қаласы, "Қазақтелеком" ААҚ,	6.85

	бақылау және жалғасты.	"КЕГОК" ААҚ	
	рушы кабельдердің		
	өндірісін игеру		
5	Энергия жүйесіне арнал.	"Индустриялық парк" ААҚ	1,0
	ған жоғары жиілікті	2001 жж. "Омега" АҚ Орал	
	байланыстың өндірісін	қаласы	
	игеру		
6	Электрмембраналық	1999- "Индустриялық парк" ААҚ	5,0
	технологияның пайдала.	2001 жж. "Мембраналық техноло.	
	нылуымен тұщыландыру	гиялар" ЖШС,	
	жабдығының өндірісін	"Алматы электрмеханика	
	игеру	зауыты" АҚ	
7	Абоненттік желілерді	1999- "Индустриялық парк" ААҚ	2,0
	тығыздау өндірісін	2007 жж. "Омега" АҚ Орал қаласы	
	игеру	ҚР ҰОАЭЖ ААҚ,	
		"Қазақтелеком" ААҚ	
8	Таксофон кабиналарының,	1999- "Индустриялық парк" ААҚ	2,5
	бақылау-өлшеу техника-	2001 жж. "Киров атындағы зауыт"	
	сының, құралдардың,	АҚ Петропавл қаласы,	
	кабель шкафтарының,	"Қазақтелеком" ААҚ	
	стативтердің, қаңқалар.		
	дың өндірісін игеру		
9	Диаметрі 40-тан 110 мм-	1999- "Индустриялық парк" ААҚ	3,5
	ге дейін полиэтилен	2001 жж. "Орал-полтпласт" АҚ	
	құбырларының өндірісін	Орал қаласы	
	игеру		
10	АТСК, АТСК-У электрон	1999- "Индустриялық парк" ААҚ	1,2
	блоктарының өндірісін	2001 жж. ҚР ҰОАЭЖ ААҚ, "Омега"	
	игеру	АҚ Орал қаласы,	
		"Қазақтелеком" ААҚ	
11	11.1 Тарифтегіштердің	1999- "Индустриялық парк" ААҚ	
	өндірісін игеру	2001 жж. ААҚ ҚР ҰОАЭЖ ААҚ,	

11.2	Электрондық АТС-тің өндірісін игеру	"Қазақтелеком" ААҚ	
11.3	Шағын ұялы байланыс аппаратурасының өндірісін игеру		0,3 1,0 0,5
12	12.1 Теледидарға және радиоға арналған таратқыштардың өндірісін игеру		1,5
	12.2 Серіктік телевизия өндірісін игеру	1999-2001 жж. "Индустриялық парк" ААҚ ҚР ҰОАЭЖ ААҚ,	1,0
	12.3 Ақпаратты қорғаудың техникалық құралдарын игеру		1,1
13	Көптарифті электрондық-механикалық және электрондық есептегіштер жасап шығару	1999ж. "Индустриялық парк" ААҚ "Интерконнект ҚК" БК, "Сайман" АҚ, Алматы қаласы	0,25
14	Көпқабатты баспа платаларының өндірісін игеру	1999-2000 жж. "Индустриялық парк" ААҚ "Интерконнект ҚК" БК	2,5
15	Соммадоре-64 негізінде арзан арнайы компьютерлердің өндірісін игеру	1999 ж. "Индустриялық парк" ААҚ "Интерконнект ҚК" БК, "Соммадоре Computer Company" adhvcs	0,8
16	Темір жол көлігіне арналған телеграф станцияларын шығаруды игеру	1999 ж. "Индустриялық парк" ААҚ "Интерконнект ҚК" БК, "Транстелеком" АҚ "Жаңа теллекоммуникациялық технологиялар" АҚ	0,1

17	Тұрмыстық радиоқабылда.	1999 ж.	"Индустриялық парк" АҚ	0,15
	Ғыштарды жасап шығару.		"Интерконнект ҚК" БК,	
	ды игеру		"Қазақтелеком" ААҚ	
18	"Ямал-100", "Ямал-200",	1999 ж.	"Индустриялық парк"	1,8
	"Ямал-300", "Полярная		ААҚ "Аэлита" ҚРЗБК	
	звезда" сериялы серік.			
	тік жүйелерді пайдалана			
	отырып, "Байқоңыр"			
	кешенінің корпоративтік			
	телекоммуникациялық			
	байланыс жүйесін құру			
19	"Инмарсат-С" серіктік	1999 ж.	"Индустриялық парк"	0,25
	жүйесін пайдалана оты.		ААҚ "Аэлита" ҚРЗБК	
	рып, диспетчерлеу, жүк.			
	терді алып жүру және			
	жылжымалы объектілерде.			
	гі авариялар туралы			
	хабарлау жүйесін құру			
20	Жалпы қолданыстағы	1999-	"Индустриялық парк"	0,38
	жүйелерді пайдалана	2001 жж.	ААҚ "Аэлита" ҚРЗБК	
	отырып, деректерді жет.			
	кізуге арналған қосым.			
	ша жүктемелі байланыс			
	жүйесін құру			
21	"Байқоңыр" ғарыш айла.	1999-	"Индустриялық парк"	130
	ғының 45 алаңындағы	2005 жж.	ААҚ "Аэлита" ҚРЗБК	
	(оң жақ) старт кешенін			
	қалпына келтіру және			
	қайта жаңарту жобасы			
22	Желдің күшімен іске	1999-	"Индустриялық парк"	2,1
	қосылатын электр қон.	2001 жж.	ААҚ "гидроаспап ҒЗИ"	
	дырғыларының өндірісін		АҚ, "Зенит" АҚ	
	игеру		Орал қаласы	

Барлығы	192,1
---------	-------

таблицаның жалғасы

Қаржыландыру көздері	Күтілетін нәтижелер
EDCF жеңілдікті несиесі	Импортты алмастыру, экспорттық әлеует
Нысаналы несиесі, шетел инвестициялары	Импортты алмастыру, экспорттық әлеует
Нысаналы несиесі, шетел инвестициялары	4 млн. \$ сомасында импортты алмастыру
Нысаналы несиесі, шетел инвестициялары	17 млн. \$ сомасында импортты алмастыру
Нысаналы несиесі, шетел инвестициялары	3.8 млн. \$ сомасында импортты алмастыру
Нысаналы несиесі, шетел инвестициялары	Импортты алмастыру, экспорттық әлеует
Нысаналы несиесі, шетел инвестициялары	5.5 млн. \$ сомасында импортты алмастыру
Нысаналы несиесі	7.6 млн. \$ сомасында импортты алмастыру
Нысаналы несиесі, шетел инвестициялары	11 млн. \$ сомасында импортты алмастыру
Нысаналы несиесі	Селолық АТС-ын жаңарту, экспорттық әлеует
	Импортты алмастыру, экспорттық әлеует
Нысаналы несиесі.	

Нысаналы несие, шетел инвестициялары		
Нысаналы несие		
	Импортты алмастыру, экспорттық әлеует	
Нысаналы несие	17 млн. \$ сомасында импортты алмастыру	
Нысаналы несие	Импортты алмастыру, экспорттық әлеует	
Нысаналы несие, шетел инвестициялары	Импортты алмастыру, экспорттық әлеует	
Нысаналы несие, шетел инвестициялары	Импортты алм астыру, экспорттық әлеует	
Нысаналы несие	Импортты алмастыру, экспорттық әлеует.	
Нысаналы несие	Импортты алмастыру, экспорттық әлеует.	
Нысаналы несие, шетел инвестициялары	Импортты алмастыру, экспорттық әлеует	
Нысаналы несие	Импортты алмастыру, экспорттық әлеует	
Нысаналы несие, шетел инвестициялары	Импортты алмастыру, экспорттық әлеует	

Шетел инвестициялары	5 млн. \$ сомасында импортты алмастыру
----------------------	--

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.